

«БЕКІТЕМІН»

«Дарын» РРПО директоры

Ф. ТҮРСЫНОВ

2025 жылты « 05 » 03



5-8 сынып оқушыларына арналған «ProEco» экологиялық жобалар конкурсының ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже «ProEco» респубикалық экологиялық жобалар конкурсының (бұдан әрі – Конкурс) мақсаттарын, міндеттерін, өткізу тәртібін, қаржыландыру шарттарын, қатысу талаптарын, бағалау критерийлерін және жеңімпаздарды марапаттау тәртібін айқындайды.

1.2. Конкурсты ұйымдастырушы – Қазақстан Республикасы Оку-ағарту министрлігінің «Дарын» респубикалық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі – РРПО «Дарын»).

1.3. Конкурстың мақсаты – экологиялық мәселелерге қызығушылық танытатын, зерттеу қабілеті жоғары дарынды оқушыларды анықтау және қолдау.

1.4. Конкурстың міндеттері:

- Оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру және белсенді өмірлік ұстанымын дамыту;
- Табиғи және жасанды экожүйелерді зерттеу мен сақтауға деген қызығушылықты қолдау;
- Оқушылардың интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетін дамыту, тұған өлкенің табиғатына құрметпен қарауды тәрбиелеу;
- Оқушыларды экологиялық бастамалар мен жобаларды іске асыруға тарту.

2. Конкурсты өткізу кезеңдері

2.1. Конкурс үш кезеңде өткізіледі:

- I кезең – аудандық / қалалық (өткізу мерзімін жергілікті ұйымдастырышылар анықтайды);
- II кезең – облыстық (іріктеу) (өткізу мерзімін жергілікті ұйымдастырышылар анықтайды);

- **III кезең** – республикалық, қорытынды (өткізу мерзімін РППО «Дарын» анықтайды).

2.2. Конкурстың бірінші кезеңіне қатысу үшін білім беру ұйымдары өтінімдерін тиісті білім бөлімдеріне тапсырады.

2.3. **II кезең** аймақтық «Дарын» ғылыми-практикалық орталықтары, облыстық білім басқармалары, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармалары, республикалық білім беру ұйымдары (бұдан әрі – РБҰ) және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ (бұдан әрі – ДББҰ «НЗМ») тарапынан ұйымдастырылады.

2.4. Облыстық білім басқармалары, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім бөлімдері, «НЗМ» ДББҰ, РБҰ I және II кезеңдердің қорытынды есептері мен хаттамаларын республикалық ұйымдастыру комитетіне тапсырады.

2.5. Апелляция қарастырылмайды.

3. Конкурс бағыттары

3.1. «Тұған өлке табиғаты» бағыты – тұған өнірдің табиғи аймақтары мен экожүйелерінің бірегейлігін көрсететін виртуалды экскурсиялар, 3D-модельдер, интерактивті карталар т.б. (жеке жоба).

3.2. «Мені қоршаған әлем – ғажайып әлем» бағыты – табиғат пен оның құбылыстарын бейнелейтін бейнетүсірлімдер, шағын документалды фильмдер, көркем әңгімелер, фотоэсселер (жеке жоба).

3.3. «Үздік экологиялық бастама» бағыты – экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған жобалар, макеттер, экодизайн, аналитикалық зерттеулер, инфографикамен толықтырылған мәтіндік жобалар (командалық жоба, 2 қатысушыдан аспауы тиіс).

3.4. «Таза қала сізден басталады» бағыты – экологиялық акциялар, көгалдандыру, абаттандыру, фотоесептер, бейнежобалар және қалалық ортаны жақсартуға арналған аналитикалық материалдар (жеке жоба).

4. Жұмыстарға қойылатын талаптар

4.1. «Тұған өлке табиғаты» бағыты

- **Жұмыс форматы:** бейнепрезентация (виртуалды экскурсия, 3D-модель, интерактивті карта), фотоесеп, инфографика.
- Экожүйелердің, сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің сипаттамасы.
- Жұмыста автор(лар)дың аты-жөні, мектебі және жасалған күні көрсетілуі тиіс.

4.2. «Мені қоршаған әлем – ғажайып әлем» бағыты

- **Жұмыс форматы:** бейнетүсірілім, фотоэссе, иллюстрацияланған әңгіме, мини-документалды фильм.
- Атмосфераны жеткізудің нақтылығы мен эмоционалды көрінісі маңызды.
- Жұмыста автор(лар)дың аты-жөні, мектебі және жасалған күні көрсетілуі тиіс.

4.3. «Үздік экологиялық бастама» бағыты

- **Жұмыс форматы:** зерттеу жобасы (*мәтіндік құжат, инфографика*), макет, экодизайн, бейнепрезентация (*міндетті емес*).
- Экологиялық мәселенің талдауы мен оны шешу жолдары қарастырылуы тиіс.
- Жұмыста автор(лар)дың аты-жөні, мектебі және жасалған күні көрсетілуі тиіс.

4.4. «Таза қала сізден басталады» бағыты

- **Жұмыс форматы:** фотоесеп, бейнедокументалды есеп, инфографика, орындалған жұмысты талдауға арналған мәтіндік материал.
- «Бұрын/кейін» түсірілімдері, адамдардың қатысы, іс-шара нәтижелері көрініс табуы қажет.
- Жұмыста автор(лар)дың аты-жөні, мектебі және жасалған күні көрсетілуі тиіс.

Әр қатысушының сөз сөйлеу уақыты – 7-8 минут, ал 3-5 минут қазылардың сұрақтарына жауап беруге беріледі.

5. Бағалау критерийлері

Бағалау критерийлері әр бағытқа сәйкес жасалған және мазмұнның ерекшеліктерін ескереді.

5.1. «Тұған өлке табиғаты» бағыты

- Тақырыпқа сәйкестігі – 20 балл
- Интерактивтілігі және көрнекі бейнеленуі – 20 балл
- Ақпараттылығы және зерттеудің терендігі – 15 балл
- Композициясы және баяндау логикасы – 15 балл
- Оригиналдылығы және креативтілігі – 15 балл
- Техникалық сапасы (*фото/видео/иллюстрациялар*) – 15 балл

5.2. «Мені қоршаған әлем – ғажайып әлем» бағыты

- Эмоциялылығы және мәнерлілігі – 20 балл
- Идеяның түпнұсқалығы – 20 балл

- Тақырыпқа сәйкестігі – 15 балл
- Көркемдік құндылығы және композициясы – 15 балл
- Техникалық сапасы (*фото/видео/иллюстрациялар*) – 15 балл
- Баяндаудың логикасы – 15 балл

5.3. «Ұздік экологиялық бастама» бағыты

- Практикалық маңыздылығы – 20 балл
- Жаңашылдығы – 20 балл
- Мәселенің зерттелу деңгейі – 15 балл
- Жобаның ұсынылу сапасы – 15 балл
- Безендірілуі (*макет, инфографика, көрнекі бөліктері*) – 15 балл
- Әлеуметтік маңыздылығы – 15 балл

5.4. «Таза қала сізден басталады» бағыты

- Әлеуметтік маңыздылығы және қоғамға әсері – 20 балл
- Бастаманың практикалық жүзеге асырылуы – 20 балл
- Құжаттау сапасы (*фото/видео/инфографика*) – 15 балл
- Креативтілігі – 15 балл
- Композициясы және баяндау логикасы – 15 балл
- Визуалды стилі және ұсынылу сапасы – 15 балл

6. Қорытындылау және марапаттау

6.1. Конкурсты қорытындылау финалдың өткізу барысында жүзеге асырылады. Жеңімпаздар 4 бағыт бойынша анықталады.

6.2. Қатысушылардың 45%-ы I, II, III дәрежелі дипломдармен және РПРО «Дарын» грамоталарымен марапатталады.

6.3. Барлық қатысушыларға қатысұ сертификаты беріледі.

7. Қаржыландыру

7.1. Конкурстың өткізілетін ресми күндері қатысушылардың жатын орны мен тамақтануы «Дарын» РПРО есебінен қамтамасыз етіледі.

7.2. Қатысушылардың жол шығындары жіберуші тарап есебінен төленеді.

7.3. Команда жетекшілерінің іссапар шығындары (*жол ақысы, жаратын орны, тамақтануы*) жіберуші тараптың есебінен өтеледі. Әр облыстан тек бір ғана жетекшінің (*аймақтың «Дарын» орталықтардың әдіскерлері есебінен*) қатысуына рұқсат беріледі.

8. Байланыс ақпараты

Ұйымдастыру комитеті: индекс Z05K5K8, Астана қ., *Мәңгілік Ел даңғылы, 8/2, "Алтын Орда" БО, 308-каб. Тел.: +7 (7172) 57-65-63, E-mail: info@daryn.kz*